

## Жер салығының мөлшерлемелері туралы

### *Күшін жойған*

Қызылорда облысы Сырдария аудандық мәслихатының 2015 жылғы 26 қарашадағы № 343 шешімі. Қызылорда облысының Әділет департаментінде 2015 жылғы 10 желтоқсанда № 5259 болып тіркелді. Күші жойылды - Қызылорда облысы Сырдария аудандық мәслихатының 2016 жылғы 29 ақпандағы № 383 шешімімен

**Ескерту. Күші жойылды - Қызылорда облысы Сырдария аудандық мәслихатының 29.02.2016 № 383 шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі).**

"Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" (Салық кодексі) Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 10 желтоқсандағы Кодексінің 378, 387-бабының 1, 1-1-тармақтарына, 444-бабының 1-тармағына және "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңына сәйкес Сырдария аудандық мәслихаты **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Автотұрақтарға (паркингтерге), автомобильге май құю станцияларына бөлінген (бөліп шығарылған) және казино орналасқан жерлерді қоспағанда, "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" (Салық кодексі) Қазақстан Республикасы Кодексінің 379, 381 және 383-баптарында белгіленген жер салығының базалық мөлшерлемелері 50 пайызға жоғарылатылсын.

2. Қазақстан Республикасының жер заңнамасына сәйкес пайдаланылмайтын ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлерге жер салығының мөлшерлемесі және бірыңғай жер салығының мөлшерлемелері бес есеге жоғарылатылсын.

3. Аудандық мәслихаттың келесі шешімдерінің күші жойылды деп танылсын:  
"Жер салығының ставкалары туралы" аудандық мәслихаттың 2011 жылғы 30 қарашадағы № 363 шешімінің (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде 2011 жылы 23 желтоқсанда № 10-8-163 болып тіркелген, 2012 жылғы 09 қаңтарда "Тіршілік тынысы" газетінің №2 жарияланған);

"Аудандық мәслихаттың кейбір шешімдеріне өзгеріс енгізу туралы" аудандық мәслихаттың 2012 жылғы 20 наурыздағы № 36 шешімінің (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде 2012 жылғы 18 сәуірде № 10-8-173 болып тіркелген, 2012 жылғы 26 сәуірде "Тіршілік тынысы" газетінің № 33 жарияланған).

4. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Аудандық мәслихаттың кезектен  
тыс XLVI сессиясының  
төрағасы:

Ш. Ерімбетов \_\_\_\_\_

КЕЛІСІЛДІ:

"Қазақстан Республикасы Қаржы  
Министрлігінің мемлекеттік кірістер  
комитеті Қызылорда облысы бойынша  
мемлекеттік кірістер Департаментінің  
Сырдария ауданы бойынша мемлекеттік  
кірістер басқармасы" республикалық  
мемлекеттік мекемесінің басшысы

\_\_\_\_\_ Б.Дүйсенов

"26" қараша 2015 жыл.

Аудандық мәслихаттың  
хатшысы:

Б. Маншарипов \_\_\_\_\_